

СТУДЕНТТЕРГЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН

БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ БІР КӨРІНІСІ

С.Р. Нұртілеуова

оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Алматы қ., Қазақстан

sandu_210380@mail.ru

В статье автор рассматривает возможности использование современных инновационных технологий обучения в литературно-педагогической практике.

Республикамыздың қазіргі таңдағы білім беру саласындағы әртүрлі инновациялық технологиялардың өмірге келіп, оларды жетілдіру ісінің кең қанат жаюы бүгінгі заман талабына лайықты елеулі жетістік болып саналады. Мұның өзі ең алдымен жаңа технологияны меңгеру барысында оқытушы- ұстаздың кәсіби білімін арттырып, интеллектуальдық деңгейін көтеруге игі әсерін тигізетіні хақ. Өйткені, өзін - өзі дамытып, маман ретінде оқу - тәрбие үрдісін тиімді жолмен жетілдіре білген ұстаз студент жастардың игеруге тиісті пән материалына деген олардың ерекше ықыласын оятады.

Ал, инновациялық технологиялар студенттердің өз бетінше ойлай білуіне, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау барысында өздігінен пайымдауға, алдарына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асырып, қорытынды жасай білуіне дағдыландырады. Міне, осындай жүйелер арқылы «өзіндік даму» жүзеге асады. Соның негізінде өзіндік тәрбие, білім алу жүйелері қалыптасады, яғни жеке тұлғаның барлық қасиеттерінің ерекше дамуына жол ашады.

Көп ұлтты Қазақстан жерінде бізбен бірге өзге ұлт өкілдері де өмір сүріп, біздің ата салтымызды, тілімізді танып білуде. Атап айтатын болсақ, ҚазҰУ-дың шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінде бүгінгі таңда шет елдік студенттер білім алуда. Аталған факультетте төмендегідей пәндер оқытылу үстінде:

- қазақ тілі мен әдебиеті;
- орыс тілі мен әдебиеті;
- бұқаралық ақпарат құралдарының тілі;

- іскерлік қарым-қатынас тілі;
- қазақстан тарихы және де т.б.

Осы пәндер мен тілді меңгерту мақсатында әр пәнге арналған оқу бағдарламалары мен оқу құралдары, тест жинақтары дайындалып жарық көрген. Соның негізінде шет елдік студенттерге арнап факультеттің білікті маман оқытушылары Г.Ә. Мұсаева мен М.П. Ешимов «Қазақ әдебиетімен танысайық!» атты оқу құралын жазып шыққан. Қазіргі таңда осы оқу құралы арқылы студенттерге дәріс жүргізілуде. Ал, жалпы студенттерге әдебиет пәнін түрлі инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы оқытуға болады.

Инновация ұғымы алғаш рет XIX ғ. пайда болған. «Инновация» (innovatio) латын тілінен аударғанда жаңарту, жаңғырту, жаңалықтар енгізу болып табылады. Бұл терминнің шығуы туралы әдебиеттерде жасалған пікірлерді қысқаша тұжырымдар болмақ, бұл – педагогикалық процестерге жаңалықтар енгізу, жаңа концепцияларды жүйелі түрде игерудің жоспары мен бағдарламасын, оқыту мен тәрбиелеу тәсілдеріне кеңінен пайдалану және енгізу болып табылады. Н.В. Борисова мен В.П. Бугрин сөздігінде «инновация» ұғымына төмендегідей анықтама берілген:

- әр түрлі дәрежедегі жаңалықтар;
- түбегейлі өзгертетін жаңалықтар;
- практикалық мәнге ие жаңалықтар;
- теориялық және практикалық мәні бар өміршең жаңалықтар.

Ал, жалпы инновацияның негізгі үш түрін қарастыруға болады. Олар:

1. Модификациялық инновация – бұл қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу деген мағынадағы ұғым;
2. Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша қарастыру;
3. Радикалды инновация – білімге стандартты өзгерістер енгізу инновациясы [1; 69].

Әдебиет – үздіксіз даму үстінде болатын, тек көлемі жағынан ғана емес, көркемдік тұрғыдан да үнемі жаңарып отыратын өнер түрі. Оның өркендеп өсуіне, қанат жаюына барша талант иесінің, барлық жанрда ат салысатыны белгілі. Әдебиет – сөз өнері. «Көз жетпеген жерге сөз жетеді» - дейді дана халқымыз. Қай заманда да біздің ата-бабаларымыз шешендік өнерге ерекше мән берген. Сондықтан да болар қазақ халқының ауыз әдебиеті де өте бай. Бұл – аттың жалында, атанның қомында көшпенділікпен күн кешкен дана жұртымыздың әр сөздің мән-мағынасына айырықша мән беріп, оның астарына ерекше көңіл бөлгендігімен байланысты.

Әдебиет сабағы, негізінен, көркем шығарманы оқу мен талдауға арналады. Көркем мәтінді талдау оны оқусыз жүзеге аспайды. Оқу мен талдау – өзара тығыз бірліктегі мәселе. Оқу әр оқырманның өз еңбегіне, оны түсіне білуіне, әр адамның қабілеті, дарыны, ой-өрісіне байланысты жүреді. Студент оқыған шығармасын қалай қабылдады, қандай пікірде болды, қандай ләззат алды, соны айтқызу, өзгелер пікірімен салыстыра білу, қорытындылау – сабақтың жеткен межесі болып табылады. Жалпы әдебиетті шет елдік студенттерге оқыту әдісінің жемісі – оқырманның көркем туындыны оқуға деген ынтасын, қызығуын тәрбиелеумен байланысты. Ол үшін әр студенттің көркем шығарманы міндетті түрде оқуын қадағалай, отырып, соған жағдай туғызып, шығармадан алған әсерін пікірлесу, әңгімелесу барысында, белгілі оқырмандық көзқарасын қалыптастыру керек. Сол арқылы ұлттық әдебиетіміз туралы жақсы мәліметтер алған шет елдік студент халқымыздың әлемдік өркениетке деген қатынасынан хабардар болып қана қоймай, оның ұлт ретіндегі біздің жеткен жетістіктерімізге, шыққан биіктерімізге деген құрметін оятады.

Мәселен, халқымыздың алып ой иесі, ұлттық мақтанышымыз Ш. Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын, өмір сүрген ортасын тарихи деректермен байланыстыра отырып жан-жақты түсіндіру, оның қазақ ауыз әдебиетін жинаушы, әлемдік ғылымның әр саласынан да ерекше білімдар, соның ішінде саяхатшы-географ, әдебиеттанушы ғалым ретіндегі ел таңданар қасиетін ұғынықты тілмен, көрнекті құралдар арқылы шәкірттерге жеткізу арқылы студенттің ғылыми шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етіп, зерттеу жұмыстарын жүргізуге дағдыландырып, ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамытуға көмектеседі деп білеміз. Мұның өзі Көкше топырағында тәрбиеленіп, сұңқардай биікке самғаған, демократ-ағартушы Шоқанның бойындағы алғырлық, зеректік, ойшылдық, ғылымға, соның ішінде қоғамдық ғылымдарға ел өміріне деген құмарлық сезімін оятып, олардың XIX ғасырдағы қазақ халқының Шоқан арқылы ғылымдағы жеткен жетістіктерін қадірлей білуіне мүмкіндік туғызады.

Сондай-ақ, қазақтың біртуар ұлы ақыны, қазақ халқының жазба әдебиетінің негізін салушы, данышпан ойшылы Абай Құнанбаевтың өмір тарихын студенттерге меңгертудің де мәні зор. Оларды ақынның ой-сезім тереңдігіне бойлату, сол арқылы оларды көркем сөздің құдіретін түсіне білуге үйрету; таным-түсініктерін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу; студенттерге ақынның ел тірлігі ел бірлігі, ұрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ой-толғауларын сезіндіре отырып, оларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа және адами қасиеттерге тәрбиелеп қана қоймай, өлең сөздің құдіреті арқылы студенттерді жүйелі, шешен сөйлеуге, мәнерлеп оқуға дағдыландырып, халқымыздың әлемдік көркем сөз өнерінде алар орнын, бір ғана Абай шығармашылығы арқылы-ақ шет елдік студенттердің де, өзіміздің шәкірттердің де көзін жеткізуге болады.

Бұл арада, кез-келген ғылым саласының екі түрлі аспектісі бар екендігін, оның бірі – студенттің таным деңгейін кеңейтуде, екіншісі – жинақталған білім-білік-дағдыны практикалық мақсатта қолдану екенін еске салу орынды деп есептейміз. Сол реттен келгенде студенттерге берілген тақырыптарға байланысты

реферат немесе баяндама, шағын шығарма мен мазмұндама жаздырып, тест тапсырмаларын шештірудің де мәні зор. Мысалы, Шоқан, Ыбырай, Абай шығармашылығымен студенттерді толық таныстыру үшін дайындалған сөзжұмбақтарға, сұрақтар мен тест арқылы шолу жасауға да болады. Сонымен қатар, интернет пен жұмыс, компьютер арқылы бейнетаспаларды пайдаланып (CD, DVD, кассета) Шоқан, Ыбырай, Абай туралы дәрісханада бейнепроектордың көмегімен қысқа түрде деректі фильмдер мен слайд арқылы суреттер көрсетуге де мүмкіндіктер бар. Шәкірттердің аудиториядан алған білімдерін одан әрмен толықтыру ретінде дәрісханадан тыс тәрбие жұмысы негізінде қалада шағын мұражайлар мен театрларға экскурсия өткізуге де болады. Ұлы ағартушылардың атындағы білім ошақтары, ғылыми-мәдени орталықтар, театрлар мен көшелерді көрсетіп таныстырудың да атқарар маңызы елеулі.

Әрине, бүгінгі таңда – Қазақстанға келіп оқып жатқан шетелдік студенттерді қазақ халқының ауыз әдебиетімен, қазақ әдебиетінің әр кезеңдегі ірі тұлғаларымен, олардың өмірі, шығармашылық еңбектерімен кеңінен таныстыра отырып, олардың мемлекеттік тілімізді жоғары деңгейде меңгеруіне әрқайсысының сөздік қорларын молайта отырып, сөйлем, мәтін, жоспар құрастыру шеберліктерін арттырып; тілді сапалы, әрі тереңірек меңгеруіне мүмкіндік беру. Бұл тұрғыда аталмыш – біздің пәнді оқытудағы басты мақсатымыз болып табылады. Пәнді қазақ тілін шет тілі ретінде үйренудің бастапқы және жалғастырушы кезеңдерінде оқытуға болады. Ол үшін қазақ әдебиетін төмендегідей жүйемен бөліп оқытқан орынды деп білеміз:

- халық ауыз әдебиетімен таныстыру;
- жыраулар поэзиясымен хабардар ету;
- ағартушы-ақын, жазушылар һәм ғалымдар шығармашылығынан кеңірек мағлұмат беру.

Қорыта келе заман талабына сай білім мен тәрбие беруді ұйымдастыру, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру жаңа инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану қажеттілігі біздің педагогикалық іс-тәжірибемізде жан-жақты дәлелденуде.

Пайдаланылған әдебиет:

1. *Ұлт тағылымы. – Алматы, 2008. №3*